

Топырақтағы органикалық заттарды анықтауға арналған жабдықтар жиынтығының техникалық сипаттамасы

(Лот 2)

Жалпы талаптар

Жеткізілетін жабдық зауытта өндірілуі тиіс.

Өнім беруші жеткізілген жабдықтың эзирлеумен, пайдаланылған материалдармен немесе дайындау сапасымен байланысты не Қазақстан Республикасы үшін әдеттегі жағдайларда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес осы жабдықты пайдалану кезінде өнім берушінің іс-әрекеті немесе қателіктері нәтижесінде көрінетін ақаулары болмайтындығына кепілдік беруге тиіс.

Өнім беруші жабдықты жеткізуді жүзеге асыру кезінде барлық қажетті лицензиялар мен рұқсаттарды сатып алуға жауапты болады.

Жеткізілетін жабдықтың осы Техникалық Тапсырманың техникалық сипаттамаларына қойылатын талаптарда көрсетілгендей сандық және сапалық көрсеткіштері болуы тиіс.

Жабдық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен өндіруші фирма жеткізетін басқа да құжаттамаларды қамтитын орыс және/немесе қазақ тіліндегі және ағылшын тілдеріндегі құжаттамалар жиынтығымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Жабдықтың конструкциясымен, материалдарымен немесе жұмысымен байланысты не өндіруші көрсеткен пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес түпкілікті тағайындалған ел үшін әдеттегі жағдайларда жеткізілген жабдықты пайдалану кезінде өндірушінің іс-әрекеті немесе олқылығы нәтижесінде көрінетін ақаулары болмауға тиіс.

Жабдықты жеткізу шеңберінде Өнім беруші мынадай ілеспе жұмыстар мен қызметтерді ұсынуы тиіс:

- Тапсырыс берушінің кемінде 2 қызметкерін жабдықпен жұмыс істеуге оқыту.
- Тапсырыс берушінің аумағында жабдықты монтаждау және іске қосу-баптау.

Жеткізілген жабдыққа кепілдік Жабдықты пайдалануға беру туралы акт ресімделген күннен бастап беріледі және кемінде 12 айды құрайды.

Топырақтағы органикалық заттарды анықтауға арналған жабдықтар жиынтығы келесі техникалық сипаттамаларға ие болуы керек:

Техникалық сипаттамасы	саны
Ағынды-онкүндік талдау технологиясын қолдана отырып, топырақтағы органикалық заттарды анықтауға арналған жабдықтар жиынтығының құрамына мыналар кіруі керек: - ДК және БҚ кіретін органикалық заттарды анықтауға арналған колориметриялық кешен. - ТТП топырақты тасымалдау арбашасы. - жинақта ыстыққа төзімді стақандары бар технологиялық КТМ кассетасы. - Дж -10 дозаторы (дозасы кемінде 40 см3). - Б-10 компрессоры бар барботер. - жуу блогы	1

Басқарма төрағасы – ректор

Шаймарданов Ж.К.

ҒИБЖЦ жөніндегі проректор

Денисова Н. Ф.

Бағдарлама жетекшісі

Шаймарданов Ж.К.



ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 60 күнтізбелік күн.